

**Б.Соқпакбаев атындағы жалпы орта мектебінде педагог-психологтардың  
2022-2023 оку жылындағы атқарылған  
жұмыстарының мәліметі**

**Қыркүйек айында** Мектепке кабылданған баланың психологиялық даярлығын анықтау мақсатында 1 сынып оқушыларымен Н.Халмуратова «Керн-Йиразек» тесті арқылы. Ер адамның суретін салу, сөздер көшірмесі, нүктелер көшірмесі жаттығуларын орындатып, оқушылардың бейімделу деңгейін анықтады. Баланы психологиялық тестілеу мен диагностикалау үшін ата-ананың келісімін алдық. Педагог-психолог Л.Калиева 5-ші сынып оқушыларының оку үрдісіне бейімделуіне жеке және топтық түзету-дамыту жұмыстарын жинақтау. Бағдарлама бойынша Жеке үй жағдайында және инклузивті оқытылатын оқушылармен Ерекше білім берудегі оқушылармен

«Мен достар арасында», «Сиқырлы қобдиша» ойын-жаттығулары жүргізілді.

«Жастар мен жасөспірімдер арасында деструктивті және аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу» мақсатында мектеп ұжымымен, педагогтармен техник-жұмышылармен психологиялық сабактар өтілді.

1-ші және 5-ші сынып оқушылардың ата-аналарымен педагог-психолог мамандары көмек беру мақсатында жиналыш жасап, «Баланың психологиялық дамуы» тақырыбында баяндама оқыды. Ата-аналарға жадынама таратты. Кәмелетке толмағандар арасындағы және кәмелетке толмағандарға қарсы жасалатын құқық бұзушылық, зорлық-зомбылық, ерте жүктілікті алдын алу мақсатында 8-11 сынып оқушылармен психологиялық тренингтер мен түсіндірме жұмыстары, дәңгелек үстел жүргізілді.

Мектеп психологы Л.Калиева Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында 8-9 сынып оқушыларға «Суицид сақшылары» тақырыбында мектеп ұжымына баяндама оқыды.

Педагогикалық ұжым, оқушылар және ата-аналарды педагогикалық-психологиялық сүйемелдеу жұмыстарының 2022-2023 оку жылындағы мақсат, міндеттерімен педагогикалық ұжым, оқушылар және ата-аналарға таныстырылды.



**Қазан айында** Дарынды оқушыларды анықтау мақсатында «Оку мотивациясын анықтау» сауалнамасы 2-5 сыныптардан алынды.(Н.Г.Лусканова).

5-8 сынып оқушыларынан «Кактус» әдістемесі алынды.(М.А.Панфилова)

10-11 сынып оқушыларынан Е.Е.Түніктің дарындылықты анықтау негізіндегі шығармашылық ойлауды зерттеу әдістемесі алынды.

Жаңадан мектепке қабылданған мұғалімдерді психологиялық зерттеу.

Ұжымның әлеуметтік – психологиялық ахуалды анықтайтын «Жедел-әдістеме» (О.С.Михалюк, А.Ю.Шалыто).

Бірінші және бесінші сынып оқушыларын психологиялық сүйемелдеу мақсатында топтық жұмыс жүргізілді.

Үштік одактың қатысуымен Мектептегі зорлық-зомбылықтың және қаталдықтың алдын алу әдістері жүргізіліп, психологиялық сабак, кенес беру және жадынамалар таратылды.

Мектеп психологтары профилактикалық және психологиялық агарту жұмыстарын 6-11 сынып оқушыларына оқушылар арасында құқық бұзушылықтың, ерте жүктіліктің, деструктивті және аутодеструктивті мінездүйнешілдіктердің алдын алу бойынша тренингтер өткізілді. Жас мамандармен психологиялық қолдау мақсатында тренинг өткізілді.

Мектеп ұжымына педагог-психологтар инкюзивті білім алатын және үйде оқытылатын оқушыларды, олардың ата-аналары мен мұғалімдерді психологиялық сүйемелдеу мақсатында нұсқаулықтар дайындалған, жадынама таратылды. Үштік одакқа кенес беру мақсатында педагог-психологтар отбасындағы Зорлық-зомбылықтың алдын алу және түзету бойынша кеңестер беріліп, бейнероликтер көрсетілді.

«Бес терек» жобасы аясында мектеп психологтары Тәуекел топты анықтау мақсатында «Кабинеттік талдау» жұмыстарын жүргіздік. «Кабинеттік талдау» жұмыс барысында әлеуметтік педагогтың мәліметтерін, мектеп инспекторының тіркеудегі отбасылар тізімін, оқушылар тізімін, медбике толтыратын тізім (Д-есебі), сынып жетекшісінің әлеуметтік желілердегі талдауларын, аутодеструктивті құқықбұзушылық, ерте жүктілік орын алған отбасылардағы оқушылар тізімін алдык.



**Қараша айында** Тәуекел топтағы оқушыларды анықтау мақсатында оқушыны психологиялық тестілеу мен диагностикалау үшін ата-ананың жеке келісімін ала отырып, 5-11 сынып оқушылары арасыннан «Бес терек» жобасы аясында далалық зерттеу барысында 5-7 сынып оқушыларына «Менің отбасым!», 8-9 сынып оқушыларымен «Менің ең жақын досым!», 10-11 сынып оқушылары арасында «Менің арманым!» тақырыбында эссе алынды. Саулнамалар алынып, нәтижесі мониторингке салынды.

5-11 сынып оқушылары арасында «Үй, Адам, Ағаш» проектті әдісі (авторы Дж.Бук) тұлғаның эмоциясын кейбір аспектілері мен жасырынып жатқан дүниесін ашу мақсатында жүргізілді. Жұмыстардың корытындысы жасалып, он нәтиже көрсетті.

6-7 сынып оқушыларымен Жеткіншек жас кезеңінде жүргізіletін психодиагностика қорытындысы бойынша жеке және топтық түзету-дамыту жұмыстары өткізілді. Жеке кенес беру журналына тіркелді. Мектеп оқушыларына Буллинг және кибербуллинг алдын алу мақсатында түсіндірме жұмыстары жүргізілді. 11 сынып оқушыларының ата-аналарымен мұғалімдер және оқушыларға ҰБТ өтуде кездесетін қындықтары жайында айтылып, психологиялық кенестер берілді.



**Желтоқсан айында** 5-ші сынып оқушыларына баланың психологиялық-диагностикалау үшін ата-ананың жеке келісімі бойынша Менің отбасым тақырыбында тренинг өткізілді. 5-ші сынып оқушыларымен ортага бейімделу мақсатында Л.Калиева Дос болайық бәріміз тақырыбында психологиялық тренинг өткізді. 1-4 сынып оқушыларымен нейро жаттығуларын жүргізді. Оқушылардың жас ерекшеліктері мен қындықтарды аныктай отырып, 5-11 сынып оқушыларының ата-аналарына педагогикалық кенес беріп, баяндама оқып, жадынама таркатып, бейнероликтер көрсетілді. Үйде оқытылатын оқушылардың жай-күйін білу мақсатында мектеп психологтары, әлеуметтік педагог, ДБІЖО

ата-аналарына психологиялық сайыттар туралы мәлімет беруге, психологиялық мотивация беретін әдебиеттер мен таныстыруға барды.



**Қантар айында** Л.Калиева ҰБТ тапсыратын оқушылардың өзіне деген сенімділігін, таңдаған мамандықтарына деген қызығушылын анықтау мақсатында 11 сынып оқушыларымен «Мен таңдаған кәсібім» эссе алынды. Девиантты міnez- құлықтың себеп факторларын анықтау мақсатында 6-7 сынып оқушыларымен Жеткіншек жас кезеңіне арналған психокоррекциялық жаттығулар жүргізді. Ерекше білімді қажет ететін оқушылармен «Түстерді ажырату», «Кім жылдам?» ойын жаттығулары жүргізілді.

2 «Г» сынып оқушыларымен «Суреттер сөйлейді», «Тілектер ағашы», «Түрлі-түсті ленталар» ойын жаттығулары жүргізілді. 7 «В» сынып оқушыларымен «Сүүрлеу», «Кемпірқосақ», «Сиқырлы қобдиша» ойын жаттығулары жүргізілді. «Суицид сақшылары» тақырыбында ата-аналарға аутодеструктивті міnez-құлықтың алдын алу мақсатында баяндама оқылды.

8-11 сынып оқушыларымен, мұғалімдермен «Өмірдің мәнін табу» тақырыбында баяндама оқылып, психологиялық кеңестер берілді. Қажеттілігіне қарай оқушыларға жеке, топтық психологиялық кеңестер беріліп отырды.





## **Б.Сокпақбаев атындағы жалпы орта мектебінің педагог-психологтарының 2022-2023 оку жылында атқарылған жұмыстарының қорытындысы**

Педагог-психолог мамандар Л.Калиева, Н.Халмуратова оку процесіне катысуышыларға психологиялық қолдау көрсетіп, окушылардың толық психикалық жетілуіне және жеке тұлға болып қалыптасуына 1-11 сынып окушылары мән психокоррекция, психодиагностика, психоконсультация, психопрофилактикалық жоспарға сай жұмыстарын жүргізді. Түркістан облысы адами әлеуетті дамыту басқармасының «REFRAME» тұлғалық дамыту орталығының «БЕС ТЕРЕК» жобасы аясында төмендегі жұмыстарды аткарды.

«БЕС ТЕРЕК» жобасының бірінші кезеңі.

Аутодеструктивті мінез-құлықты окушылардың тәуекел топтарын анықтау Кабинеттік талдау

1.1.Әлеуметтік педагогтің мәліметтері

1.2. Мектеп инспекторының тіркеудегі отбасылар тізімі

1.3.Мектеп инспекторының тіркеудегі окушылар тізімі

1.4. Медбике толтыратың тізім. (Д- есебі)

1.5. Сынып жетекшінің әлеуметтік желілердегі талдауы

1.6. Суицид, құқықбұзушылық, ертежүктілік орын алған отбасылардағы окушылар тізімі

Бұл тізім жоғарыда аталған мамандардың көмегімен жинақталады: мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, әлеуметтік педагог, мектеп инспекторы, сынып жетекшісі ұсынған тізімдер бойынша кабинеттік талдау жүргізіліп, анықталған окушыларды тәуекел тобының жасыл деңгейіне тіркеледі.


### **ДАЛАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ**

2.1. Эссе талдауы.

2.2. Саулнама.


2.3. «Үй, Адам, Ағаш» проекттің әдісі (ДДЧ)

Б.соқпақбаев атындағы жалпы орта мектебінде 5 сыныптар бойынша 72 оқушы бар.Саулнамаға оқушының барлығы қамтылды.



«БЕС ТЕРЕК» жобасы аясында алынған саулнаманың қорытындысы бойынша 5 сынып оқушылары жақсы көрсеткіш көрсетті.

Б.Соқпақбаев атындағы жалпы орта мектебінде 6 сыныптар бойынша 79 оқушы бар.Саулнамаға оқушының барлығы қамтылды.



«БЕС ТЕРЕК» жобасы аясында алынған саулнаманың қорытындысы бойынша бсынып оқушылары жақсы көрсеткіш көрсетті. Психолог көмегі қажет деген оқушылар саны -3. Осы оқушылармен психологтар жеке сөлесіп, мәселесін анықтап, психологиялық жеке кеңестер берді.

Педагог-психологтар:

Л.Калиева

Н.Халмуратова